

Сәйкестікті растау жөніндегі органдарды және сынақ зертханаларын (орталықтарын) аккредиттеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 тамыздағы N 800 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 сәуірдегі N 396 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.28 N 396 Қаулысымен.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Сәйкестікті растау жөніндегі органдарды және сынақ зертханаларын (орталықтарын) аккредиттеу ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 1 тамыздағы

N 800 қаулысымен

бекітілген

Сәйкестікті растау жөніндегі органдарды және сынақ зертханаларын (орталықтарын) аккредиттеу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында сәйкестікті растау жөніндегі органдарды және сынақ зертханаларын (орталықтарын) (бұдан әрі - зертханалар) аккредиттеуге қойылатын бірыңғай талаптар мен оның тәртібін белгілейді.

2. Аккредиттеу өнімнің, процестердің және қызметтердің сәйкестігін растаудың белгілі бір саласында жұмыстарды орындауға өзінің құзыретін ресми тануды алуға ниет білдірген ұйымдар мен олардың филиалдарына қатысты жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасында аккредиттеуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

4. Аккредиттеуге қатысушылар уәкілетті орган, өтініш иесі, аккредиттеу субъектілері, аккредиттеу материалдарын қарау жөніндегі комиссия (бұдан әрі - комиссия), сәйкестікті растау және аккредиттеу саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды басшылыққа алатын сарапшы-аудиторлар болып табылады.

Комиссияның құрамы мен ол туралы ереже уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі. Комиссия шешімі ұсынымдық сипатта болады.

5. Аккредиттеу өлшемдері сәйкестікті растау және аккредиттеу саласындағы нормативтік құқықтық кесімдердің және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптары болып табылады.

6. Шетелдік өтініш иелері мен олардың филиалдары, егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен өзгеше белгіленбеген болса, Қазақстан Республикасының өтініш берушілері сияқты шарттарда және сондай тәртіппен аккредиттеледі.

2. Аккредиттеуді жүргізу тәртібі

7. Аккредиттеуді алу үшін өтініш иесі уәкілетті органға мынадай құжаттарды (бұдан әрі - аккредиттеу материалдары) ұсынады:

- 1) аккредиттеуді өткізуге өтінім;
- 2) аккредиттеу саласы;
- 3) сәйкестікті растау жөніндегі орган немесе зертхана туралы ереже;
- 4) зертхана паспорты (өтініш беруші зертхана үшін);
- 5) сапа жөніндегі басшылық;
- 6) сауалнама-анкета (өтініш беруші зертхана үшін);
- 7) техникалық құзыреттілікті сараптамалық бағалау нәтижелері бойынша қорытынды (еркін нысанда);
- 8) өтініш иесінің заңды мәртебесін белгілейтін құжаттардың нотариалды расталған көшірмелері (құрылтай құжаттары, тіркелгені туралы куәлік, статистикалық карточка).

Аккредиттеудің өтініш берілген саласына байланысты өтініш иесі сәйкестікті растау және аккредиттеу саласындағы нормативтік құқықтық кесімдердің және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес аккредиттеу үшін қажетті өзге де құжаттарды ұсынады.

8. 7-тармақтың 1)-6) тармақшаларында көрсетілген құжаттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарында белгіленген нысандар мен мазмұн бойынша ұсынылады.

9. Техникалық құзыреттілігін сараптамалық бағалауды (бұдан әрі - сараптамалық бағалау) аккредиттеу саласында қызметтер көрсететін және өзінің штатында аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторлар бар ұйымдар өтініш иесімен жасалған шарттың талаптарында жүзеге асырады және мынадай кезеңдерді қамтуы тиіс:

- 1) өтініш иесі ұсынған құжаттарға сараптама жасау;
- 2) орналасқан жеріне шығып зерттеулер өткізу;
- 3) сараптамалық бағалау нәтижелері бойынша қорытындыны ресімдеу.

10. Аккредиттеу мынадай кезеңдерден тұрады:

- 1) комиссияның аккредиттеу материалдарын қарауы;
- 2) уәкілетті органның аккредиттеу туралы немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдауы;

3) аккредиттеу туралы шешім қабылдаған жағдайда аккредиттеу саласын бекіту;

4) аккредиттеу аттестатын беру және аккредиттелген субъектілердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу.

11. Аккредиттеу уәкілетті орган аккредиттеу материалдарын алған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.

Өтініш иесіне шешім қабылданған сәттен бастап бес күн ішінде қабылданған шешім туралы хабарлайды.

12. Уәкілетті органның аккредиттеу туралы шешімі аккредиттеу аттестатын беру және аккредиттеу саласын бекіту үшін негіз болып табылады.

3. Аккредиттеу аттестаты

13. Аккредиттеу аттестаты аккредиттеу субъектісінің аккредиттеудің өтінім жасалған саласына сәйкес нақты жұмыстарды орындау құқықтылығын ресми тану фактісін растайтын құжат болып табылады. Аккредиттеу аттестатының нысанын уәкілетті орган белгілейді.

14. Аккредиттеу аттестаты аккредиттелген субъектілердің мемлекеттік тізілімінде тіркелуге тиіс.

Аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімі Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарымен белгіленеді.

15. Аккредиттеу аттестатымен бір уақытта міндетті қосымша ретінде іс-әрекеттің өтінім жасалған қызмет саласындағы жұмыстардың нақты түрлері көрсетілген, аккредиттеу саласын белгілейтін құжат беріледі.

16. Аккредиттеу жөніндегі шет ел органдары берген аккредиттеу аттестаттары немесе оларға баламалы құжаттарды уәкілетті орган бекітілген халықаралық шарттарға сәйкес таниды.

4. Аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу

17. Аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу:

1) оның ұйымдық-құқықтық нысаны (қайта құрылған), орналасқан жері, аккредиттеу субъектісінің атауы өзгерген;

2) аккредиттеу саласы кеңейген немесе қысқарған жағдайда жүзеге асырылады.

18. Аккредиттеу субъектісі шешім қабылдаған сәттен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға аккредиттеу субъектісі, аккредиттеу саласының кеңеюі немесе қысқаруы туралы жаңа мәліметтер көрсетілген аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу туралы өтініш беруі керек.

19. Осы Ереженің 17-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайлар болған кезде аккредиттеу субъектісі сәйкестікті растау жөніндегі және аккредиттеу саласына сәйкес жүргізілетін сәйкестікті растау мақсатындағы сынақтарды өткізу жөніндегі қызметті тоқтатуы және отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей комиссияның қарауы және аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу туралы немесе қайта ресімдеуден бас тарту туралы шешім қабылдауы үшін аккредиттеу материалдарына енгізілетін өзгерістерді уәкілетті органға беруі қажет.

20. Уәкілетті орган отыз күнтізбелік күн ішінде аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу немесе қайта ресімдеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімі бұрынғыша қалдырылады.

Аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеуден бас тартқан жағдайда өтініш иесі осы Ереженің 2-бөліміне сәйкес аккредиттеуден өтеді.

21. Осы Ереженің 18 және 19-тармақтарын орындамаған жағдайда, зертхана көрсетілген тармақтарды тиісті түрде орындағанға дейін уәкілетті орган аккредиттеу аттестатын кері шақыртады.

Кері шақырту себептерін жоймаған жағдайда үш ай ішінде аккредиттеу аттестатының қолданылуы тоқтатылады.

5. Аккредиттеу аттестатының қолданылуын тоқтата тұру, күшін жою, жарамсыз деп тану

22. Уәкілетті орган:

1) өтініш иесінің бастамасы бойынша;

2) аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімі ішінде сәйкестікті растау және аккредиттеу саласындағы нормативтік құқықтық кесімдер және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда алты айға дейінгі мерзімге аккредиттеу аттестатының қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім қабылдау құқығына ие.

Осы тармақта көзделген жағдайларда уәкілетті орган аккредиттеу аттестатының қолданылуын тоқтата тұру туралы бұйрық шығарады, бұйрықтың көшірмесі аккредиттеу субъектісіне және аккредиттеу субъектісін мемлекеттік

бақылауды жүзеге асыратын органдарға жіберіледі.

Аккредиттелген субъект хабарлама алған күннен бастап сәйкестікті растау жөніндегі және аккредиттеу саласына сәйкес сәйкестікті растау мақсатында сынақтар жүргізу жөніндегі қызметті тоқтатуы және бұзушылықтарды жоюы керек.

23. Анықталған бұзушылықтарды жойғаннан кейін аккредиттелген субъект аккредиттеу аттестатының қолданылуын қалпына келтіру туралы шешім қабылдау үшін уәкілетті органға көрсетілген бұзушылықтардың жойылғаны туралы мәліметтер береді.

Уәкілетті орган он төрт күнтізбелік күн ішінде бұзушылықтарды жою фактісі бойынша тексеру ұйымдастырады, одан кейін жеті күнтізбелік күн ішінде аккредиттеу аттестатының қолданылуын қалпына келтіру немесе қалпына келтіруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Анықталған бұзушылықтарды жоймау қолданыстағы заңнамаға сәйкес аккредиттеу аттестатының күшін жоюға әкеледі.

24. Аккредиттеу аттестатын жоюды:

1) олар бойынша аккредиттеу аттестатының қолданылуы тоқтатылған себептерді жоймаған жағдайда немесе аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімі ішінде техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық кесімдермен белгіленген талаптардың қайтадан бұзылуы анықталған жағдайда;

2) аккредиттеудің белгіленген саласында сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды орындауда оның құзыретіне күмән келтіретін аккредиттеу субъектісінің қызметінде бұзушылықтар анықталған жағдайда;

3) аттестатты алу кезінде аккредиттеу субъектісі көрінеу жалған ақпарат берген жағдайда уәкілетті органның өтініші бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сот жүргізеді.

25. Өтініш иесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде қабылданған шешімге шағымдану құқығына ие.

26. Аккредиттеу аттестатын жоғалтқан жағдайда аккредиттеу субъектісі:

1) уәкілетті органның ресми баспа басылымында аккредиттеу аттестатының нөмірін, берілген күні мен қолданылу мерзімін көрсетіп, аккредиттеу аттестатын жарамсыз деп тану туралы мәліметті жариялауы;

2) уәкілетті органға аккредиттеу аттестатының нөмірін, берілген күнін, қолданылу мерзімін және бекітілген аккредиттеу саласын көрсетіп, аккредиттеу аттестатын жарамсыз деп тану туралы және аттестаттың телқұжатын беру туралы өтініш беруі қажет.

Өтінішке осы Ереженің 26-тармағының 1) тармақшасында көзделген мәліметтердің жарияланғанын растайтын құжат қоса беріледі.

27. Аттестаттың телқұжаты өтініш берілген күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК